

Жарма ауданының тұрғын үй қоры объектілері мен тұрғын емес үй-жайлары үшін коммуналдық қалдықтардың пайда болу және жинақталу нормаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Жарма аудандық мәслихатының 2013 жылғы 16 қазандағы N 15/134-V шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 08 қарашада N 3082 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Жарма аудандық мәслихатының 2015 жылғы 22 желтоқсандағы № 35/295-V шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Жарма аудандық мәслихатының 22.12.2015 № 35/295-V шешімімен.

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына, Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы Экологиялық кодексінің 19-1 бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 22 қарашадағы N 1370 қаулысымен бекітілген Коммуналдық қалдықтардың пайда болу және жинақталу нормаларын есептеудің үлгі қағидаларының 2-тармағына сәйкес, Жарма аудандық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Қоса берілген Жарма ауданының тұрғын үй қоры объектілері мен тұрғын емес үй-жайлары үшін коммуналдық қалдықтардың пайда болу және жинақталу нормалары бекітілсін.

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы
Мәслихат хатшысы*

*А. Өзбекханов
Н. Есполов*

Жарма аудандық мәслихатының
2013 жылғы 16 қазандағы
№ 15/134-V шешімімен бекітілген

Жарма ауданының тұрғын үй қоры объектілері мен тұрғын емес үй-жайлары үшін коммуналдық қалдықтардың пайда болу және жинақталу нормалары

№	Коммуналдық қалдықтар жиналатын объектілер	Есептеу бірлігі	1 есептеу бірлігіне жылдық жиналу нормасы, м ³
1	Үйлер : ж а й л ы жайлы емес	1 тұрғын 1 тұрғын	1 , 8 1,9
2	Жатақханалар, интернаттар, балалар үйлері, қарттар үйлері және сол сияқтылар	1 орын	1
3	Қонақ үйлер, санаторийлер, демалыс үйлері	1 орын	0,64
4	Балабақшалар, бөбекжайлар	1 орын	0,39
5	Мекемелер, ұйымдар, офистер, кеңселер, жинақ банктері, байланыс бөлімшелері	1 қызметкер	0,97
6	Емханалар	1 адам	0,0085
7	Ауруханалар, санаторийлер, өзге де емдеу-сауықтыру мекемелері	1 төсек-орын	1,2
8	Мектептер, орта оқу орындары, жоғарғы оқу орындары	1 оқушы	0,3
9	Мейрамханалар, дәмханалар, қоғамдық тамақтану мекемелері	1 тағам	1,07
10	Театрлар, кинотеатрлар, концерт залдары, түнгі клубтар, ойынханалар, ойын автоматтарының залы	1 орын	0,37
11	Мұражайлар, көрмелер	жалпы алаңы 1 м ²	0,07
12	Стадиондар, спорттық алаңдары	ж о б а бойынша 1 орын	0,07
13	Спорт, би және ойын залдары	жалпы алаңы 1 м ²	0,06
14	Азық-түлік дүкендері	сауда алаңы 1 м ²	0,8
15	Машиналардан сату	сауда орны 1 м ²	0,25
16	Өнеркәсіптік дүкендер, супермаркеттер	сауда алаңы 1 м ²	0,6
17	Базарлар, сауда павильондары, дүңгіршектер, сөрелер	сауда алаңы 1 м ²	0,27
18	Азық-түлік тауарларының көтерме базалары, қоймалары	жалпы алаңы 1 м ²	0,34
19	Өнеркәсіптік тауарлардың көтерме базалары, қоймалары	жалпы алаңы 1 м ²	0,21
20	Тұрмыстық қызмет көрсету үйі: халыққа қызмет көрсету	жалпы алаңы 1 м ²	0,6
		жалпы алаңы	

21	Вокзалдар, автовокзалдар, әуежайлар	1 м ²	0,5
22	Жағажайлар	жалпы алаңы 1 м ²	1,1
23	Дәріханалар	сауда алаңы 1 м ²	0,4
24	Автотұрақтар, автомобильді жуу орындары, АЖС, гараждар	1 машина-орын	2
25	Автомобиль шеберханалары	1 жұмысшы	2,1
26	Гараж кооперативтері	1 гаражға	0,15
27	Шаштараздар, косметикалық салондар	1 жұмыс орны	1,01
28	Кір жуатын орындар, химиялық тазалау орындары, тұрмыстық техниканы жөндеу орындары, тігін ательесі	жалпы алаңы 1 м ²	0,5
29	Зергерлік, аяқ-киім, сағаттарды жөндеу шеберханалары	жалпы алаңы 1 м ²	0,85
30	Жөндеу және қызмет көрсету орындары (кілттер жасау және сол сияқтылар)	1 жұмыс орны	0,95
31	Моншалар, сауналар	жалпы алаңы 1 м ²	0,41
32	Қаланың аумағында жаппай іс-шаралар ұйымдастыратын заңды ұйымдар	1 0 0 0 қатысушы	0,80
33	Бау-бақша кооперативтері	1 учаске	2,04